

"Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 77 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру

үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян
Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 77 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН*

**"Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл
ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленген:

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық бақылау (қадағалау) саласындағы мәселелер туралы" 2010 жылғы 17 тамыздағы № 342 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексеру және тауарлардың (өнімнің) сынамаларын іріктеуді жүргізудің бірыңғай тәртібі туралы ереже туралы" 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттар алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесс (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процестің белгілі бір қатысушысына белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"тарихи деректер" – Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағына әкелінетін, ветеринариялық-санитариялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізімі қалыптастырылған кезден бастап сонда сақталатын және өзгеріс енгізу көзделмейтін ақпарат.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгілемесі: P.SS.05, нұсқа 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаттары мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылау (қадағалау) тиімділігін арттыру, Одаққа мүше мемлекеттер арасында ветеринариялық-санитариялық жағынан қауіпті, жануарлардан алынған тауарлардың (өнімнің) өткізілуіне жол бермеу, ветеринариялық бақылау (қадағалау) жүргізу уақытын қысқарту; ветеринариялық-санитариялық шараларды қолданудың транспаренттілігін және бақыланатын тауарларды (өнімді) өндіру, тасымалдау және өткізу кезінде олардың қадағалауда болуын қамтамасыз ету болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

а) Одаққа бір мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) аумағынан Одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін (бұдан әрі –

Одақ кәсіпорындарының тізілімі) қалыптастырудың автоматтандырылуын қамтамасыз ету;

б) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ветеринариялық бақылау (қадағалау) жүргізуге қажетті мәліметтердің автоматтандырылып ұсынылуын қамтамасыз ету;

в) жалпы процестің барлық қатысушыларының ортақ сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету;

г) интеграцияланған жүйелер деректерінің ортақ моделін пайдалану негізінде құрылған электрондық құжаттар мен мәліметтердің біріздендірілген құрылымдарының қолданылуын қамтамасыз ету;

д) Одақтың ақпараттық порталында барлық мүдделі тұлғалар үшін Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерге қолжетімділік беруді қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Еуразиялық экономикалық комиссияның бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың ұлттық тізілімдерінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу үшін, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшесі
P.SS.05.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	Одақтың кедендік аумағында және кедендік шекарасында ветеринариялық бақылауды жүзеге асырады, бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың ұлттық тізілімін қалыптастырады және жүргізеді, сондай-ақ Одақ

		кәсіпорындарының тізілімін өзектілендіру үшін Комиссияға мәліметтер ұсынады
P.SS.05.ACT.002	мүдделі тұлға	Қадағалаушы орган немесе шаруашылық жүргізуші субъект (бақыланатын тауарларды өндіруші, бақыланатын тауарларды импорттаушы және т.б.) ретінде ветеринариялық-санитариялық шаралар саласында қызметте жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызметтің қатысушысы немесе тұлға. Одақтың ақпараттық порталында Одақ кәсіпорындарының тізілімінен ақпарат сұратады.

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өздерінің тағайындалуы бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:


- а) Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің ветеринариялық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдары бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың ұлттық тізілімдерін (бұдан әрі – ұлттық тізілім) жүргізуді қамтамасыз етеді және осы мәліметтерді Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) ұсынады.

Комиссия алынған ақпараттың негізінде Одақ кәсіпорындарының тізілімін өзектілендіреді және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялайды. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Барлық мүдделі тұлғалардың Одақ кәсіпорындарының тізілімінде қамтылған ақпаратқа қол жеткізуі Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың мұқият сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы


15. Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері ұлттық тізілімдерге өзгерістер енгізілген кезде орындалады. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Ақпарат интеграцияланған жүйе арқылы беріледі.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 77 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық

өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматтары мен құрылымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 77 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Өзгерістердің түріне қарай "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001), "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) немесе "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімдері орындалады.

16. Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.05.PRC.001	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу және Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұлттық тізілімнен мәліметтерді қалыптастыруды және оны Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.SS.05.PRC.002	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті Одақ кәсіпорындарының тізілімін өзектілендіру және Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұлттық тізілім мәліметтерінің өзгерістерін қалыптастыруды және оны Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.SS.05.PRC.003	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Одақ кәсіпорындарының тізілімінен деректерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұлттық тізілімнен жазбаларды алып тастау туралы мәліметтерді қалыптастыруды және оны Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады

5. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдерінің тобы

18. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері интеграцияланған жүйе арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен сұрату алынған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесі мынадай сұрату түрлерін жүзеге асырады:

Одақ кәсіпорындары тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату;

Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін сұрату;

Одақ кәсіпорындарының тізілімінен өзгертілген мәліметтерді сұрату.

Одақ кәсіпорындары тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату Одақ кәсіпорындарының тізілімінен өзгертілген мәліметтерді сұрату қажеттігін бағалау мақсатында орындалады.


Одақ кәсіпорындарының тізілімінен өзгертілген мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының мәліметтердің өзгерістерін алуы мақсатында орындалады. Сұратуды орындау кезінде Одақ кәсіпорындарының тізілімінен сұратуда көрсетілген күннен және уақыттан бастап сұрау салу интеграцияланған жүйе арқылы орындалған кезге дейінгі кезеңде енгізілген немесе өзгертілген мәліметтер ұсынылады. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер сұрау салу шарттарына қарай, барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе нақты бір мүше мемлекет бойынша ұсынылады.

Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салу шарттарына қарай, барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе нақты бір мүше мемлекет бойынша Одақ кәсіпорындары тізілімінің барлық объектілері туралы өзекті мәліметтер алу мақсатында орындалады. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді сұрату ағымдағы күн бойынша да, сұратуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін.

Сұратудың типіне қарай: "Одақ кәсіпорындарының тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.05.PRC.004), "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу" (P.SS.05.PRC.005) немесе "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен өзгертілген мәліметтер алу" (P.SS.05.PRC.006) рәсімдерінің бірі орындалады.

Көрсетілген рәсімдер сұрау салуды жүзеге асыру мақсаттарына қарай, тізбектеліп (Одақ кәсіпорындарының тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу, кейіннен Одақ кәсіпорындарының тізілімінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу) не бір-бірінен бөлек орындалуы мүмкін.

19. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.05.PRC.004	Одақ кәсіпорындарының тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерінің интеграцияланған жүйе арқылы келіп түскен сұрау салулары бойынша Одақ кәсіпорындарының тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алуға арналған
P.SS.05.PRC.005	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтер алу	рәсім мүше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерінің интеграцияланған жүйе арқылы келіп түскен сұрау салулары бойынша Одақ кәсіпорындарының тізілімінен сол күнгі жағдай бойынша болмаса да, толық көлемде мәліметтер алуға арналған
		рәсім мүше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерінің

P.SS.05.PRC.006	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен өзгертілген мәліметтер алу	интеграцияланған жүйе арқылы келіп түскен сұрау салулары бойынша Одақ кәсіпорындарының тізілімінен ұлттық тізілімнің жаңартылған күнінен бастап Одақ кәсіпорындарының тізілімі жаңартылған күнге дейінгі кезең үшін өзгертілген мәліметтер алуға арналған
-----------------	--	---

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынған мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.05.BEN.001	Одақ кәсіпорындарының тізілімі	Одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа басқа мүше мемлекеттің аумағына өткізілетін тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімі

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауаптылығы

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту – Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Тип	Сипаттамасы


1	2	3	4
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдердің атауларының тізбесі мен олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.032	ветеринариялық-санитариялық қадағалаудың бақылауындағы өнімге қатысты ұйым қызметі түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ветеринариялық-санитариялық қадағалаудың бақылауындағы өнімге қатысты ұйым қызметі түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.033	ветеринариялық бақылауға жататын өнім түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ветеринариялық бақылауға жататын өнім түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.034	кәсіпорындардың ветеринариялық-санитариялық мәртебелерінің анықтамалығы	анықтамалық	кәсіпорындардың ветеринариялық-санитариялық мәртебелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандардың сыныптауыш	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіргіштердің және сәйкестендіру әдістері атауларының тізбесін қамтиды
	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің		Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әкімшілік бөлініс

P.CLS.108	әкімшілік бөлініс объектілерінің сыныптаушы	сыныптауыш	объектілерінің сәйкестендіргіштері мен атауларының тізбесін камтиды
-----------	---	------------	--

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Одақ кәсіпорындарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімі

24. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы кәсіпорынды ұлттық тізілімге енгізген жағдайда орындайды.

26. Алдымен "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.SS.05.OPR.001) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге енгізілген жазбалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін Комиссияға жібереді.

27. Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша мәліметтер Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізіледі. Мәліметтердің Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама мәлімет ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

28. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтердің Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Мәліметтерді Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.SS.05.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау мен өңдеу жүзеге асырылады.

29. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда, "Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін енгізу үшін жариялау" (P.SS.05.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша жаңартылған Одақ кәсіпорындарының тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

30. Жаңартылған және жарияланған Одақ кәсіпорындарының тізілімі "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

31. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.SS.05.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.05.OPR.001	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.002	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.003	мәліметтерді Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.004	Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін енгізу үшін жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.SS.05.OPR.001) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.001
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер Комиссияға берілді

8-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.SS.05.OPR.002) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.002
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер алған кезде орындалады ("Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.SS.05.OPR.001) операциясы)

5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтер тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ғана беріледі
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді қабылдайды және олардың Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкестігін тексереді : Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттің уәкілетті органы не қателердің табылғаны туралы, не мәліметтердің енгізілгені туралы хабардар етіледі; сондай-ақ Одақ кәсіпорындарының тізілімін жанарту жүзеге асырылады
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтер өңделді, мәліметтердің Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

9-кесте

"Мәліметтерді Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу" операциясының (P.SS.05.OPR.003) сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.003
2	Операцияның атауы	мәліметтерді Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.002) операциясы)

5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы хабарламаны қабылдайды және оны тексереді
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама өңделді


10-кесте

"Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін енгізу үшін жариялау" операциясының (P.SS.05.OPR.004) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.004
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін енгізу үшін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	P.SS.05.OPR.002 операциясы орындалғаннан кейін орындалады
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Одақтың ақпараттық порталында Одақ кәсіпорындарының тізілімін жариялайды
7	Нәтижелер	енгізілген мәліметтері бар Одақ кәсіпорындарының тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімі

32. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімдегі мәліметтер өзгертілген жағдайда орындайды.

34. Алдымен "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтер ұсыну" (P.SS.05.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімдерде өзгертілген жазбалар туралы мәліметтер қалыптастырады және оларды Одақ кәсіпорындарының тізілімінде өзгерту үшін Комиссияға жібереді.

35. Одақ кәсіпорындарының тізілімінде өзгерту үшін мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде, "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтер өзгертіледі. Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтердің өзгертілгені туралы хабарлама мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

36. Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтердің өзгертілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.SS.05.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау мен өңдеу жүзеге асырылады.

37. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда, "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту үшін жариялау" (P.SS.05.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша жаңартылған Одақ кәсіпорындарының тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

38. Өзгерістер тарихы сақтала отырып, жаңартылған және жарияланған Одақ кәсіпорындарының тізілімі "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

39. "Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.SS.05.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.05.OPR.005	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.006	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.007	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.008	Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

12-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.SS.05.OPR.005) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.005
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімдегі мәліметтер өзгертілген кезде орындалады

5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы ұлттық тізілімде өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізілімінде өзгерту үшін мәліметтер Комиссияға берілді

13-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.SS.05.OPR.006) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.006
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы Одақ кәсіпорындарының тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алған кезде орындалады ("Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтер ұсыну" (P.SS.05.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтер тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ғана беріледі
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді қабылдайды және олардың Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкестігін тексереді : Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттің уәкілетті органы не қателердің табылғаны туралы, не

		өзгерістердің енгізілгені туралы хабардар етіледі; сондай-ақ Одақ кәсіпорындарының тізілімін жанарту жүзеге асырылады
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер өңделді, Одақ кәсіпорындарының тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

14-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу" операциясының (P.SS.05.OPR.007) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.007
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы Одақ кәсіпорындарының тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы хабарламаны қабылдайды және оны тексереді
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізілімін өзгерту үшін мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама өңделді

15-кесте

"Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін жариялау"


операциясының (P.SS.05.OPR.008) сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.008
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындары тізілімінің мәліметтерін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Одақ кәсіпорындарының тізіліміне өзгерістер енгізілген кезде орындалады ("Одақ кәсіпорындарының тізіліміндегі өзгерістер үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Одақтың ақпараттық порталында Одақ кәсіпорындарының тізілімін жариялайды
7	Нәтижелер	Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған Одақ кәсіпорындарының тізілімі жарияланды

"Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау"

(P.SS.05.PRC.003) рәсімі

40. "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

41. "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімнен мәліметтер алып тасталған жағдайда орындайды.

42. Алдымен "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.SS.05.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімнен алып тасталған жазбалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін Комиссияға жібереді.

43. Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша мәліметтер Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тасталады. Мәліметтердің Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тасталғаны туралы хабарлама мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

44. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтердің Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тасталғаны туралы хабарлама келіп түскен кезде "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.SS.05.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау мен өңдеу жүзеге асырылады.

45. "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.05.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда, "Мәліметтер алып тасталғаннан кейін Одақ кәсіпорындарының тізілімін жариялау" (P.SS.05.OPR.012) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған Одақ кәсіпорындарының тізілімі жарияланады.

46. Өзгерістер тарихы сақтала отырып, жаңартылған және жарияланған Одақ кәсіпорындарының тізілімі "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

47. "Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.SS.05.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.05.OPR.009	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.010	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.011	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.SS.05.OPR.012	Мәліметтер алып тасталғаннан кейін Одақ кәсіпорындарының тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

17-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.SS.05.OPR.009) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.009
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы

4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімнен мәліметтер алып тасталған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға берілді

18-кесте

"Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.SS.05.OPR.010) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.SS.05.OPR.010
2	Операцияның атауы	Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Одақ кәсіпорындарының тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.SS.05.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтер тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ғана беріледі
		орындаушы мәліметтерді қабылдайды және олардың Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкестігін тексереді : Ақпараттық өзара іс-қимыл

6	Операцияның сипаттамасы	регламентіне сәйкес уәкілетті орган не қателердің табылғаны туралы, не мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабардар етіледі; сондай-ақ Одақ кәсіпорындарының тізілімін жаңарту жүзеге асырылады
